

Қарағанды медицина университетінің патология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты
Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың әсер ету механизмдерінің
заманауи аспектілері» оқу құралына
П І К І Р

Оқу құралы - бұл физиология, биологиялық химия және эндокриндік жүйенің патофизиологиясы туралы қысқаша заманауи нұсқаулық. Оқу құралында адамның барлық эндокриндік мүшелерінің және диффузды нейроэндокринді жүйенің қызметтері туралы қазіргі заманғы ой-өрістері, сондай-ақ адам ағзасының қызметтік жүйелерін қашықтықтан және жергілікті гормоналды реттеу туралы ақпараттармен қамтылған. Оқу құралында гормондардың әсер ету механизмдері, химиялық сигналдардың жасушалық деңгейде берілу реті мен реттелулері және олардың физиологиялық әсеріне қатысты жалпы мәселелер қарастырылған. Онда гипофиздің алдыңғы және артқы бөліктерінің морфологиясы мен қызметі, қалқанша безі, бүйрек үсті безінің қыртысы, жыныс бездерінің эндокриндік қызметі және олардың бұзылуы туралы ақпарат берілген. Эндокриндік жүйені ұйымдастырумен, гормондардың ашылу тарихымен, олардың химиялық құрылымымен, синтезімен және метаболизмімен байланысты мәселелер қарастырылған. Гормондардың әсер ету механизмдері және олардың физиологиялық әсерлері, жасушалық деңгейде гормондардың биосинтез үдерістері егжей - тегжейлі қарастырылып, студенттер үшін түсінікті әрі өз бетінше жұмыс жасауға ыңғайлы, үйлесімді таптырмас құрал ретінде баяндалған. Эндокриндік мүшелер кешендерін басқарудың орталық аппаратының морфологиясы мен қызметі, жеке эндокриндік бездер арасындағы нақты өзара әрекеттесуді ұйымдастыру сипатталған.

Оқу құралының сөзсіз артықшылығы - автордың медициналық студенттерде гормоналды және жүйке реттеуінің бірлігі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға деген ұмтылысы. Осы мақсатта гипоталамус - гипофиз жүйесінің қызметтері егжей - тегжейлі қарастырылған. Қалқанша безінің, қалқанша маңы бездерінің, бүйрек үсті безінің, ұйқы безінің, эпифиздің, тимустың және репродуктивті мүшелердің эндокриндік қызметтері, арахидон қышқылының гормондары, диффузды бездердің жасушалары егжей - тегжейлі сипатталған. Оқу құралында адамның биологиялық сұйықтықтарындағы гормондар мен олардың метаболиттерінің қалыпты мандеріне иллюстрациялық суреттер берілген. Оқу құралында гипоталамус-гипофиз қызметін, жыныс бездерінің дамуы мен қызметтерін және басқа да эндокриндік жүйелерді реттеуге қатысатын гормондардың ролі мен механизмдері айқын көрсетілген.

Оқу құралының артықшылығы - пәнаралық нақты байланыс; барлық жерде физиология, биохимия, патофизиология, функционалды диагностика, сонымен қатар анатомиялық – гистологиялық немесе фармакологиялық материалмен байланысты мәселелер қарастырылған. Оқу құралы

медициналық білімін енді бастаған төменгі курс студенттері үшін де қол жетімді және түсінікті тілде жазылған. Кейбір жағдайларда мәтін әдейі бейресми түрде жазылған және суреттерге тапқыр мысалдар мен түсініктемелер материалды игеруді жеңілдетеді. Оқу құралы студенттерге өзіндік жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі, сонымен қатар эндокриндік жүйеде материалды тиімді игеруге ықпал етеді.

Қауымдастырылған профессор Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың әсер ету механизмдерінің заманауи аспектілері» оқу құралы дәрігер – студенттерді оқыту үдерісінде қолдану тәжірибесі негізінде эндокринологиялық ғылымның қарқынды дамуын есепке ала отырып, қосымша мәліметтермен толықтырылған.

Медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың әсер ету механизмдерінің заманауи аспектілері» оқу құралын ЖОО-ның медициналық студенттерін оқыту үдерісінде пайдалану үшін ұсынуға болады деп санаймын.

Пікір беруші,

Қарағанды медицина университетінің

клиникалық фармакология және дәлелді

медицина кафедрасының профессоры, м.ғ.д.

С.К. Жаугашева



**Қарағанды медицина университетінің патология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты
Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың әсер ету механизмдерінің
заманауи аспектілері» оқу құралына**

П І К І Р

Қазіргі уақытта бізде физиология, морфология және патофизиология бойынша оқу әдебиеттері көп, бірақ адам мен жануарлардың жасушаларының, тіндері мен мүшелерінің құрылымы мен қызметі деңгейінде негізгі құрылымдық сипаттамалары мен қызметтік заңдылықтарын қысқаша, анық және қол жетімді түрде көрсететін оқу материалдары, оқу құралдары мен әдістемелік ұсыныстар әлі де жеткіліксіз.

Пікір берілген оқу құралын патология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты Әбдіқадырова Хамида Рахымқызы дайындады.

Оқу-әдістемелік құрал медициналық жоғары оқу орындары мен факультеттердің «Жалпы медицина» мамандығы бойынша оқитын студенттеріне арналған және жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына толық сәйкес келеді.

Пікір берілген оқу құралы кіріспеден, жалпы бөлімнен, биохимиялық деңгейдегі үдерістердің сипаттамасынан және гормондардың нақты сипаттамасынан, патологиялық ауытқулар мен оқу әдебиеттерінің тізімінен, тесттер мен жағдайлық есептерден тұрады.

Алғы сөз эндокриндік жүйенің жалпы сипаттамасын және гормондар ұғымын, пәннің анықтамасын және әртүрлі клиникалық және физиологиялық зерттеу әдістерін ұсынады.

«Эндокриндік жүйе, гормондар және әсер ету механизмі» негізгі бөлімінде жалпы жүйенің негізгі ұғымдары мен анықтамалары, гормондардың жалпы сипаттамасы және гормондардың әсер ету механизмдерінің ерекшелігі беріледі.

«Гормондардың таралуы. Гормондардың жалпы қасиеттері» (9-15 беттер) жасушалық, сондай-ақ ағзалық және тіндік деңгейде гормондардың әсері тұрғысынан жіктеу беріледі. Бұл тарауда биохимиялық механизмдердің деңгейінде егжей-тегжейлі сызба-нұсқалық заманауи жіктеу берілген. Автор гормондардың биологиялық табиғатын, рецепторлық аппарат тарапынан, жасуша мембранасына әсерін егжей-тегжейлі талдайды, сонымен қатар әсер ету мысалдары, молекулалық байланыстар, әртүрлі патологиялық жағдайлардағы әсер ету механизмдері де айқын көрсетілген.

«Гормондардың әсер ету механизмі» бөлімінде (15-23 беттер) биохимиялық үдерістер тұрғысынан мессенджерлер молекулаларының, ферменттер мен гормондардың химиялық қасиеттерінің өзара әрекеттесуін көрсеткен. Автор әртүрлі мамандардың пікірлерін, олардың жасушалық, тіндік және мүше деңгейіндегі әрекеттерінің ерекшелігін келтіреді. Сондай-ақ, мембрана иондары мен ферменттердің өзара әрекеттесуі, гормондардың сезімталдық механизмдері және рецепторлардың активтенуі қарастырылады.

Бұл оқу-әдістемелік құралда гормондардың катаболизмі мен биосинтезі туралы ақпарат түрлі-түсті суреттермен ұсынылған, әсер ету механизмдері өте егжей-тегжейлі және қол жетімді сипатталған, негізгі гормондардың құрылымдық және қызметтік сипаттамалары туралы ақпарат бар.

Оқу әдебиеттерінің тізімінде (66-67 беттер) соңғы жылдары шыққан отандық және шетелдік оқулықтар мен оқу құралдарының тізімі, википедия мен еркін әдебиеттің көздері келтірілген.

Сонымен бірге автор осы оқу құралын келесі қосымшалармен қамтыған; 1-қосымшада (67-83-беттер) тест материалдары және 2-қосымшада (84-97-беттер) жағдайлық есептер ұсынылған, олар білімді бақылауға арналған әртүрлі бағалау құралдарын: пән бөлімдері бойынша жүйеленген теориялық сұрақтарды, тест тапсырмаларын, жағдайлық есептерді, студенттердің білімін салыстыру және бақылау үшін дұрыс жауаптарды қамтиды.

Басылымның мәтіндік және иллюстрациялық бөліктерінің арақатынасы бойынша осы оқу құралы оқулық пен атластың синтезі болып табылады. Басылымның мәтіндік бөлімінде жасушалық, тіндік және жүйелік деңгейлерде морфологияны, физиологияны және патологиялық үдерістерді игеруге қажетті ақпараттар бар. Мәтінді талдау оны оқу құралына қосу үшін материалды таңдау кезінде автор жасаған маңызды жұмыс туралы айтуға мүмкіндік береді. Онда студенттерге пәнді меңгеру үшін қажетті ақпараттың оңтайлы минимумы көрсетілген.

Пікір берілетін оқу құралын медициналық жоғары оқу орындары мен факультеттердің студенттері мен аспиранттары «Физиология», «Биологиялық химия», «Патологиялық физиология» пәндерін, сондай-ақ ағылшын тіліндегі арнайы терминологияны зерделеу кезінде жоғары сұранысқа ие болады. Басылымның жоғары әдістемелік деңгейі оны медициналық жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін, әсіресе морфология мен цитологияны, физиология мен патологиялық физиология негіздерін оқыту үдерісінде, кез келген мамандық студенттері үшін пайдалы етеді.

Қысқа әрі жан-жақты нақты нұсқа түрінде баяндалған, иллюстрациялық материалдың жоғары сапасын біріктіретін оқу құралы, жақсы өңделген әдістемелік аппарат пән бойынша қолданыстағы оқу әдебиеттерінің жиынтығына қосымша ретінде құнды әрі пайдалы құрал болады деп санаймын.

Пікір беруші, КеАҚ ҚМУ

«Морфология және физиология» кафедрасының

қауымдастырылған профессоры, б.ғ.к.

Чергизова Б.Т.

